

## Қазақстан Республикасындағы электрондық коммерция туралы

Шығару күні: 23.05.2022ж.

Келесі шығарылым күні: 23.05.2024ж.

### 1. Негізгі тұстары

#### 1.1 Маркетплейс арқылы электрондық коммерция

#### 1.2 Меншікті Интернет-ресурсы арқылы электрондық коммерция

#### 1.3 Қолданылатын төлем және жеткізу тәсілдері туралы

### 2. Глоссарий

### 3. Әдіснамалық түсіндірмелер

### 4. Басылымдарға қатысты сілтемелер


### 5. Пайдалы сілтемелер

### 1. Негізгі тұстары

2022 жылы маркетплейстерді ескере отырып, бөлшек электрондық коммерция (ішкі нарық) нарығының көлемі 1963,5 млрд. теңгені құрады, оның ішінде электрондық коммерция платформасы (маркетплейс) арқылы бөлшек сауда айналымы 1117,9 млрд. теңгені (56,9%), тауарларды меншікті Интернет-ресурсы арқылы өткізуді жүзеге асыратын бөлшек сауда кәсіпорындары – 845,6 млн. теңгені (43,1%) құрады.

#### Қазақстан Республикасының бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі электрондық сауданың үлесі

пайызбен



\*2022 жылғы деректер маркетплейстерді ескере отырып қалыптастырылды

Бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі электрондық сауданың үлесі 2022 жылы (маркетплейстерді ескере отырып) – 12,5% құрады.

#### Электрондық коммерцияның негізгі көрсеткіштері (ішкі нарық)

	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022*
Электрондық коммерция көлемі (бөлшек сауда), млн. теңге	50919,9	78500,5	106918,1	144606,0	206253,9	476651,5	481978,7	1963493,2
Бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі электрондық сауданың үлесі, пайызбен	0,8	1,0	1,2	1,4	1,8	4,1	3,6	12,5
Электрондық коммерция көлемі (қызмет көрсету), млн. теңге	39156,4	80198,4	70356,2	136123,0	121153,7	209164,7	349933,7	1186536,7

\* 2022 жылғы деректер маркетплейстерді ескере отырып қалыптастырылды

2022 жылы электрондық коммерция қызметтерінің көлемі маркетплейстерді ескере отырып 1186,5 млрд. теңгені құрады. Меншікті Интернет-ресурс арқылы көрсетілген қызметтер көлемі 254,7 млн.теңгені (21,5%) құрады. Электрондық коммерция (маркетплейс) платформасы арқылы көрсетілген қызметтер көлемі 931,8 млн. теңгені (78,5%) құрады.


## 1.1 Маркетплейс арқылы электрондық коммерция

### 2022ж. маркетплейс арқылы көрсетілген қызметтер түрлері бойынша көлемі.



2022 жылы маркетплейс арқылы көрсетілген қызметтер көлеміндегі ең үлкен үлес жолаушыларды тасымалдау бойынша қызметтеріне – 50,3%, көлік орындарын брондау қызметтеріне – 9,6%, тапсырыс бойынша азық – түлік жеткізу қызметтеріне – 5,1% тиесілі.

### Кәсіпорынның өлшемі бойынша маркетплейс арқылы тауарлар мен қызметтерді сату көлемі



Тауарлар мен қызметтерді сатудың жалпы көлемінің ең үлкен үлесі (93%) жұмысшылар саны 100 адамға дейінгі маркетплейс (шағын маркетплейстер) және тек 7% орта кәсіпорындар арқылы жүзеге асырылады.

### 2022 жылғы экономикалық қызмет түрлері бойынша маркетплейс арқылы тауарлар мен қызметтерді өткізу көлемі.



2022 жылғы тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өткізудің жалпы көлемінің ең үлкен үлесі (58%) «пошта арқылы немесе Интернет желісі арқылы тауарларға тапсырыс беру арқылы бөлшек сауда», 21,2% – «бағдарламалық қамтамасыз етуді сүйемелдеу», 16,2% – «ақпараттық технологиялар және ақпараттық жүйелер саласындағы қызмет» экономикалық қызметінің негізгі түрімен маркетплейстер арқылы жүзеге асырылды.

## 1.2 Меншікті Интернет-ресурсы арқылы электрондық коммерция


### 2022 жылғы меншікті Интернет-ресурс арқылы бөлшек сауда көлемі

мың теңге



Бөлшек саудада меншікті Интернет-ресурс арқылы өткізу бойынша ең көп үлесті үйде қолдануға арналған тауарлар (34,7%), киім, аяқ киім, спорттық тауарлар (17,3%), азық-түлік өнімдері (13,2%), косметика (6,5%), дәрілік препараттар (4,8%) құрады.


### 2022 жылғы тауарлар құрылымы бойынша меншікті Интернет-ресурсы арқылы бөлшек саудадағы өткізу көлемі



2022 жылғы меншікті Интернет-ресурс арқылы бөлшек сауда көлеміндегі ең үлкен үлес мамандандырылған дүкендерде басқа тауарларды бөлшек саудада сату – 29,9%, мамандандырылған дүкендерде басқа тұрмыстық тауарларды бөлшек саудада сату – 25,2%, коммуникациялық жабдықтарды және компьютерлерді көтерме саудада сату – 17,5%, тұрмыстық тауарларды көтерме саудада сату – 10,2% тиесілі.

### Кәсіпорынның өлшемі бойынша меншікті Интернет-ресурс арқылы бөлшек сауда

пайызбен



2022 жылы меншікті Интернет-ресурс арқылы бөлшек сауда көлеміндегі ең үлкен үлес ірі кәсіпорындарға – 48,8%, шағын кәсіпорындарға – 45%, орта кәсіпорындарға 6,2% тиесілі.

### 2022 жылғы қызмет түрлері бойынша меншікті Интернет-ресурсы арқылы көрсетілген қызметтер көлемі.

мың теңге



## 1.3 Қолданылатын төлем және жеткізу тәсілдері туралы

### Тауарлар мен қызметтер үшін қолданылатын төлем тәсілдері

пайызбен



2022 жылы тауарлар мен көрсетілген қызметтерге ақы төлеу тәсілдерінің ішінде дебеттік картамен төлеу немесе электрондық банктік аударым – (31,5%), Интернет арқылы несие картасымен төлеу (23,5%), қолма-қол төлеу (22,6%), онлайн төлемдер (13,9%), ұялы телефон (5,3%), сыйлық картасымен төлеу немесе бонустар немесе купондар бағдарламасының «ұпайлары» онлайн ваучері (3,1%), цифрлық әмиян (0,1%)

### Тауарларды жеткізу тәсілдері



Жеткізу әдісі бойынша қарапайым пошта қызметтерін немесе жеткізудің басқа әдістерін қолдана отырып, сатып алушыға тікелей жеткізу түрі ең қолайлы болып табылады, оның үлесі – 46,9%, сату пунктiнен немесе қызмет көрсету пунктiнен алып кету – 35,3% және онлайн жеткізу – 17,8% құрайды.

## 2. Глоссарий

Электрондық коммерция - электрондық саудадағы кәсіпкерлік қызмет, сонымен қатар ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жүзеге асырылатын қызметтерді сату.

Электрондық сауда – тауарларды өткізу жөніндегі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызмет.

Электрондық коммерцияның онлайн платформасы (маркетплейс) - бұл делдал ретінде әрекет ететін және интернет арқылы қатысушылардың көп жақты нарығында сұраныс пен ұсынысты (тауарларды, қызметтерді және/немесе ақпаратты) салыстыруға мүмкіндік беретін сандық алаң.

Бөлшек сауда – сатып алушыға жеке, отбасылық, үй ішінде немесе кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес өзгедей пайдалануға арналған тауарларды сату жөніндегі кәсіпкерлік қызмет.

Көтерме сауда – кейіннен сатуға немесе жеке, отбасылық, үй ішінде және осындай өзгедей пайдаланумен байланысты емес өзге де мақсаттарға арналған тауарларды өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет.

Электрондық төлем – қолма-қолсыз жолмен жүзеге асырылған (электрондық ақша, ұялы телефондар, банк карточкалары, шоттар, төлем терминалдары арқылы) төлемдер.

## 3. Әдіснамалық түсіндірмелер

Бұл құжатта Интернет арқылы бөлшек сауда, Интернет арқылы көтерме сауда, Интернет арқылы көрсетілген қызметтер бойынша деректер қамтылған. Бұдан басқа тауарлар және қызмет түрлері бөлінісінде деректер көрсетіледі.

## 4. Басылымдарға қатысты сілтемелер

[Қазақстан Республикасындағы электрондық коммерция туралы](#)

[Қазақстан Республикасындағы электрондық сауда](#)

## 5. Пайдалы сілтемелер

[Электрондық коммерция статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру жөніндегі әдістеме](#)

[Ішкі сауда статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру жөніндегі әдістеме](#)

[«Электрондық коммерция туралы есеп» Э-коммерция нысаны](#)

<b>Шығаруға жауапты:</b> Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті	<b>Департамент Директоры:</b> Г. Қарауылова Тел. +7 7172 749060	<b>Орындаушы:</b> А.Нысанбай Тел. +7 7172 749780 E-mail g.bolatbek@aspire.gov.kz	<b>Мекен-жайы:</b> 010000, Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4-кіреберіс
--	---	---	---